Профсоюзная жизнь Казахстана

№5 (90),
2022 г.

Собственник журнала
ИП «Спектр РОП»

Директор
ИП «Спектр РОП»
К.Д. Сауданбекова

Главный редактор
Д.Г. Шубин

Редактор
казахского отдела
К.С. Агибергенов

Менеджер по доставке
и рекламе
И.Т. Казахбаев

Верстка и дизайн
Т.В. Жартовская

Адрес редакции:
г. Алматы,
Курмангазы, 48а,
тел. 2616802.

Наш электронный адрес:
profkaz14@mail.ru

Свидетельство
зарегистрировано Министерством
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан,
Комитетом связи,
информатизации и информации.
Свидетельство о постановке на учет
периодического печатного издания
и информационного агентства
№14585-Ж от 9 октября 2014 года,
г. Астана

Типография:
ТОО «Print House Gerona»
г. Алматы,
ул. Сатпаева, 30/8, оф. 124,
тел: (727) 250-47-40

Тираж 1200 экз.

Внимание!

Продолжается подписка на журнал «Профсоюзная жизнь Казахстана» на первое полугодие 2022 года

Просим наших подписчиков и читателей активно провести подписную кампанию. Подписка осуществляется двумя способами. Если Вы хотите подписаться через редакцию, то в таком случае стоимость подписки 1 экземпляра на первое полугодие будет составлять 5000 тенге (подчеркиваем, что это стоимость подписки на полугодие, а не стоимость одного номера). Наши реквизиты, по которым необходимо произвести оплату за подписку, следующие:

ИП «Спектр РОП»,
БИН 530828400751,
ИИК 058562204110240836,
БИК KCJBKZKX,
АО «Банк ЦентрКредит» г.Алматы,
Код назначения платежа 857
Кбе 19.
Фактический адрес:
г. Алматы, ул. Курмангазы, 48а,
Тел. 8(727)2616802,
87017086303.

Наш электронный адрес:
profkaz14@mail.ru

Убедительно просим вас подписывать через редакцию не менее 5 экземпляров.

Читателям, которые решили подписаться через «Казпочту»: наш индекс в каталоге «Казпочты» 74818 (Журнал «Профсоюзная жизнь Казахстана»), страницы на казахском и русском языках 178. Подписка осуществляется в любом отделении «Казпочты». В случае возникающих вопросов по подписке через редакцию или «Казпочту» обращаться по указанным телефонам редакции.

Мы будем извещать наших читателей по эл. почте об очередном выходе номера журнала. В течение недели вам нужно будет уточнить дату его прибытия в местном отделении почты. В случае факта недоставки журнала просим обращаться непосредственно в редакцию.

Содержание

МОТ окажет поддержку по ратификации конвенций 2
Коллективные соглашения - вклад в борьбу с неравенством 3
Экономикаға қандай мамандар қажет? 5
Строительство нового Казахстана зависит от каждого из нас 7
Қызметкерлердің кәсіби мүдделерін қорғауда, әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіподақтардың жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушімен ынтымақтастығының маңызы 8
Берекелі жиынның берері көп 13
Үш жолдың тоғысуы 15
Еңбек жолы 16
Охране труда особое внимание 18
Ұстаз еңбегі елеулі 19
Профсоюз и спорт едины 20
Жүйелі кәсіптік бағдарлау жұмысы 21
Волейболдан мектепішілік жарыс болып өтті 22
Кәсіподақтар қозғалысының семинары 23
Талантты балалар шеруі 24
Кәсіптік және техникалық білім беру қызметкерлері арасындағы спартакиада 27
Памяти светлой страницы 28

МОТ ОКАЖЕТ ПОДДЕРЖКУ ПО РАТИФИКАЦИИ КОНВЕНЦИЙ

Международная организация труда (далее - МОТ) готова оказать Казахстану техническую поддержку по проработке вопросов, связанных с ратификацией международных конвенций в трудовой сфере.

Соответствующие договоренности были достигнуты в ходе встречи Министра труда и социальной защиты населения РК Тамары Дуйсеновой с представителями Миссии МОТ, прибывшими в Нур-Султан для обсуждения вопросов приведения национального законодательства Казахстана в соответствие с международными стандартами.

В начале переговоров глава МТСЗН поблагодарила представителей МОТ за плодотворное сотрудничество в социально-трудовой сфере.

«Казахстан является членом МОТ с 1993 года. В 2019 году мы отмечали 100-летие МОТ. Мы подтверждаем приверженность Декларации 100-летия МОТ о будущем сферы труда, которая предусматривает стратегический план действий в сфере труда на основе обеспечения полной, продуктивной, свободно избранной занятости и достойного труда для всех. За годы совместной работы Казахстан ратифицировал 25 конвенций МОТ, обязательства по которым имплементированы в законодательство страны», – сказала Тамара Дуйсенова.

Министр проинформировала представителей МОТ о реализации Дорожной карты по применению Конвенции №87 «О свободе ассоциаций и защите права на организацию», подготовленной в 2018 году по рекомендациям МОТ. В мае 2020 года были приняты соответствующие поправки в Трудовой и Уголовный кодексы, законы «О профессиональных союзах» и «О Национальной палате предпринимателей».

«Основные изменения коснулись расширения прав профсоюзов на свободу объединения, а также упрощения процедуры их регистрации. Так, в закон «О профессиональных союзах» внесены поправки, исключающие обязательное членство профсоюзов в вышестоящих профсоюзных объединениях, упрощены условия подтверждения статуса профсоюзов при их регистрации. Из закона «О Национальной палате предпринимателей» исключены полномочия НПП «Атамекен» по представлению работодателей в системе социального партнерства, а в Трудовом кодексе отдельной статьей определены представители работодателей и их полномочия», – сообщила Тамара Дуйсенова.

Глава МТСЗН также отметила, что благодаря проделанной работе по приведению национального законодательства в соответствие с международными стандартами на сегодняшний день в Казахстане осуществляют свою деятельность три республиканских объединения профсоюзов, 56 отраслевых, 35 территориальных объединений профсоюзов и 370 локальных профсоюзов, которые объединяют почти половину всех наемных работников страны – около 3 млн человек.

Кроме того, год назад Правительством Казахстана совместно с республиканскими объединениями профсоюзов и республиканскими объединениями работодателей было подписано Генеральное соглашение на 2021-2023 годы, направленное на обеспечение достойных условий труда для работников. В рамках его реализации стороны договорились провести консультации по ратификации ряда конвенций МОТ.

20 апреля 2022 года Казахстан ратифицировал Конвенцию МОТ №175 «О работе на условиях неполного рабочего времени».

В настоящее время совместно с социальными партнерами ведется подготовительная работа по ратификации конвенций МОТ №131 «Об установлении минимальной заработной платы с особым учётом развивающихся стран» и №190 «Об искоренении насилия и домогательств в сфере труда».

«Ранее, в рамках процедуры по подготовке к ратификации Конвенции №190, нашим министерством был направлен запрос в Бюро МОТ для стран Восточной Европы и Центральной Азии о предоставлении технической поддержки по проведению исследования касательно насилия и домогательств в сфере труда. Пользуясь случаем, просим вас оказать аналогичные технические консультации по проведению анализа соответствия национального законодательства положениям конвенции МОТ №131.

Мы также готовы к полноценному взаимодействию по линии программы «Достойный труд». Это способствовало бы наращиванию имеющегося потенциала сотрудничества и достижению поставленных нашей страной целей в области занятости и обеспечения населения достойным трудом», - подчеркнула Тамара Дуйсенова.

В свою очередь представители Миссии МОТ отметили важность проводимой Казахстаном работы по приведению национального законодательства в соответствие с международными стандартами и выразили готовность к дальнейшей совместной работе.

«Хочу отметить положительные тенденции в трудовой сфере Казахстана, которые происходят благодаря работе, проводимой вашим министерством и Правительством страны в целом. Мы высоко ценим этот прогресс и планируем внимательно изучить все изменения в ходе своей Миссии прямого контакта.

Мы подготовим соответствующий отчет с рекомендациями оказания Казахстану технической поддержки в работе по подготовке к ратификации конвенций МОТ.

От лица Международной организации труда хочу выразить готовность к дальнейшему плодотворному сотрудничеству», – сказал глава Миссии МОТ Никлас Брун.

Пресс-центр МТСЗН

КОЛЛЕКТИВНЫЕ СОГЛАШЕНИЯ – ВКЛАД В БОРЬБУ С НЕРАВЕНСТВОМ

Коллективные переговоры приобрели важнейшее значение во время пандемии и могут стать для работодателей и работников эффективным инструментом преодоления новых испытаний, с которыми сталкивается сфера труда.

ЖЕНЕВА (Новости МОТ). Коллективные переговоры могут содействовать обеспечению равенства и более широкой социальной интеграции. Об этом говорится в только что вышедшем докладе МОТ, первом из серии программных докладов на тему социального диалога.

Чем больше работников охвачено коллективными соглашениями, тем меньше различия между ними в оплате труда. Это стало выводом доклада «Социальный диалог в 2022 году: коллективные переговоры для инклюзивного, устойчивого и стабильного восстановления», подготовленном на основе изучения коллективных соглашений и сложившейся практики в 80 странах, находящихся на разном уровне экономического развития, а также нормативно-правовой базы, существующей в 125 странах. Коллективные соглашения, заключаемые в процессе добровольных переговоров между одним или несколькими работодателями (или их организациями) и одной или несколькими организациями работников, могут обеспечивать значительное сокращение неравенства в оплате труда на уровне как отдельного предприятия, так и сектора или отрасли.

Коллективные переговоры могут также способствовать сокращению гендерного разрыва в оплате труда. Более чем в половине (59 процентах) коллективных соглашений, рассматриваемых в докладе МОТ, нашла отражение общая готовность работодателей или их организаций и организаций работников (прежде всего профсоюзов) решать проблемы гендерного неравенства за счет равной оплаты за труд равной ценности, представления отпусков по уходу

за детьми и по семейным обстоятельствам, недопущения гендерного насилия в сфере труда.

Как отмечается в докладе, у более чем трети (35 процентов) работников в 98 странах заработная плата, продолжительность рабочего времени и другие условия труда устанавливаются в ходе независимых коллективных переговоров между профсоюзом и работодателем или организацией работодателей. Однако этот показатель заметно варьируется от страны к стране: если во многих европейских странах и Уругвае он превышает 75 процентов, то примерно в половине стран, по которым имеются соответствующие данные, не дотягивает и до 25 процентов.

СМЯГЧЕНИЕ ПОСЛЕДСТВИЙ КРИЗИСА, ВЫЗВАННОГО ПАНДЕМИЕЙ COVID-19

Коллективные переговоры сыграли важную роль в смягчении последствий кризиса, вызванного пандемией COVID-19, для занятости и заработков населения. Они помогли ослабить некоторые его последствия в плане неравенства и за счет поддержания бесперебойной экономической активности способствовали укреплению жизнеспособности предприятий и рынков труда, говорится в докладе.

Необходимая адаптация мер по охране здоровья населения и укрепление охраны труда в сочетании с предоставлением оплачиваемых отпусков по болезни и медицинских пособий – все это было предусмотрено многими коллективными соглашениями, что обеспечило защиту миллионам работников.

Коллективные соглашения, заключенные для внедрения на период пандемии COVID-19 удаленного режима работы, теперь преобразуются в более долгосрочные совместные механизмы, призванные обеспечить на достойном уровне организацию работы в смешанном и удаленном формате. В них находят отражение такие вопросы, как изменение организации труда, необходимая подготовка работников и издержки, связанные с удаленной работой. В некоторые соглашения включены и положения, касающиеся кибербезопасности и защиты данных.

Целым рядом соглашений пересматривается продолжительность рабочего времени, подтверждаются периоды отдыха с «правом на отключение», устанавливаются дни и часы, в которые работник должен быть на связи, с одной стороны, и расширяется самостоятельность работников и их право распоряжаться своим трудовым графиком, с другой. В коллективных соглашениях затрагиваются и вопросы интеграции в коллективе работников, которые трудятся как в офисе или на производстве, так и удаленно, а также равенства возможностей. Помимо этого, усилиями работодателей и работников их странам был обеспечен организационный потенциал для необходимой адаптации и преобразований.

«В период пандемии благодаря коллективным переговорам обеспечивалась защита работников и предприятий, их бесперебойная работа, сохранение рабочих мест и заработков. Таким образом, они сыграли ключевую роль в укреплении нашей жизнестойкости, - заявил Генеральный директор МОТ Гай Райдер. – Для работодателей и работников это стало эффективным инструментом выработки совместных всеобъемлющих решений общих проблем и задач, смягчения последствий нынешнего и будущих кризисов для экономики, предприятий и работников».

ВАЖНЕЙШИЙ ИНСТРУМЕНТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ОРИЕНТИРОВАННОГО НА ЧЕЛОВЕКА ВОССТАНОВЛЕНИЯ

Коллективные переговоры станут важнейшим инструментом решения проблем, связанных с основополагающими переменами, потрясающими сферу труда. В условиях быстрого распространения самых разнообразных форм организации труда – включая временную работу, работу на условиях неполного рабочего времени, работу по требованию, многосторонние трудовые отношения, зависимую самозанятость, а в последнее время и работу на цифровых платформах, выполняемую на базе различных форм трудовой деятельности и трудовых отношений, - ряд стран принял меры к обеспечению действенного признания права всех работников на ведение коллективных переговоров, отмечается в исследовании МОТ.

В качестве одной из форм совместного регулирования коллективные переговоры могут служить существенным подспорьем во всестороннем и эффективном управлении сферой труда, что способствует обеспечению стабильности, справедливого устройства, соответствия нормам и жизнеспособности предприятий и рынка труда. Есть несколько приоритетных задач, решение которых необходимо, чтобы сделать коллективные переговоры по-настоящему эффективными:

АКТИВИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ РАБОТОДАТЕЛЕЙ И РАБОТНИКОВ

Ориентированное на человека восстановление подразумевает участие работодателей и работников в выработке решений и политических шагов, которые их затрагивают. Основой эффективного социального диалога служит представительный характер – как в плане членского состава, так и с точки зрения способности учитывать самые разные интересы - организаций работодателей, предпринимателей и профсоюзов.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДЕЙСТВЕННОГО ПРИЗНАНИЯ ПРАВА ВСЕХ РАБОТНИКОВ НА ВЕДЕНИЕ КОЛЛЕКТИВНЫХ ПЕРЕГОВОРОВ

Учитывая глубокие перемены, происходящие в сфере труда, необходимо укреплять институты рынка труда с тем, чтобы всем работникам была обеспечена надлежащая защита, включая действенное признание права на ведение коллективных переговоров.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ВСЕОХВАТНОГО, СТАБИЛЬНОГО И УСТОЙЧИВОГО ХАРАКТЕРА ВОССТАНОВЛЕНИЯ

Задачей коллективных переговоров должны быть решение проблем неравенства и социальной изоляции, содействие обеспечению экономической безопасности и справедливого перехода, выработка гибкого рабочего графика, достижение более сбалансированного сочетания трудовой и личной жизни, разработка программы преобразований, обеспечение жизнестойкости предприятий.

ЭКОНОМИКАҒА ҚАНДАЙ МАМАНДАР ҚАЖЕТ?

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова ҚР Үкіметінің отырысында Мемлекет басшысының Қазақстан экономикасының салаларын білікті кадрлармен қамтамасыз ету туралы тапсырмасын іске асыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етті.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі еңбек нарығының 2030 жылға дейінгі негізгі сын-тегеуріндері мыналар болып табылатынын атап өтті: жұмыс күші қатарына қосылатын жастардың айтарлықтай өсуі. Яғни, 2000 жылдан кейін немесе қолайлы демографиялық жағдайдан кейін дүниеге келген тұлғалар еңбекке қабілетті жасқа жете бастады. Сарапшылардың есептеуінше, 2030 жылға қарай елдің жұмыс күшінің 74 пайызын болашақтың толымды ұрпағы құрайтын болады. Экономикадағы жұмыс орындарының жеткіліксіз генерациясы соңғы жылдары негізгі жұмыс беруші мемлекет және квазимемлекеттік сектор болып табылады. Технологиялар мен инновациялардың жедел таралуы, нәтижесінде кейбір мамандықтар жойылып, басқа мамандықтар пайда болады, ал қалған мамандықтар өзгертіледі. Белгіленген сын қатерлер кадрларды даярлау жүйесін жаңғыртуды одан әрі тереңдету қажеттілігін айқындайды. Бұл ретте Ұлттық біліктілік жүйесі (бұдан әрі – ҰБЖ) оның негізі болып табылады. Министр ҰБЖ келесі сұрақтарына жауап береді.

- Экономикаға қандай мамандар қажет?

- Ұлттық кәсіптер сыныптауышы 2018 жылы енгізілді. Қажетті мамандар туралы ақпарат жинау мен статистикалық есеп осы классификатор негізінде жүргізіледі.

- Заманауи мамандар нені біліп, нені істей алуы қажет?

- Бұл талаптар жұмыс берушілер өздері әзірлейтін кәсіптік стандарттарда бекітіледі.

- Ол үшін мамандарды қалай оқытып, нені үйретеміз?

- Бұл ретте білім беру бағдарламалары кәсіптік стандарттар негізінде құрылуы қажет.

- Мамандарды қалай танып, оларға біліктілікті қалай тағайындаймыз?

- Бұл бағытты жүйелендіру үшін министрлік кәсіптік біліктілікті танудың бірыңғай жүйесін бекітетін «Кәсіптік біліктіліктер туралы» заң жобасын әзірледі. «Осылайша, ҰБЖ негізі енгізілді деп айтуға болады. Дегенмен жоғарыда аталған еңбек нарығының сын қатерлері және ҰБЖ саласындағы мәселелерді жаңа жағдайларға бейімделіп, бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді»- деп, атап өтті министр.

Бірінші мәселе – қолданыстағы сұраныс болжамдарының тәсілдерін жұмыс күшіне маман тапшылығы мәселесіне немесе экономиканың кейбір салаларындағы

мамандықтар артықтығына бейімдеу қажеттігі. Осыған байланысты ағымдағы жылы жұмыс күшін болжаудың тиісті құралдары жетілдірілетін болады және келесі жылдан бастап қызмет түрлері бойынша нақты мамандықтар қажеттілігінің болжамы ұсынылатын болады.

Екінші мәселе – мамандықтардың кәсіптік стандарттармен толық қамтылмауы.

Ұлттық кәсіптер классификаторы бойынша бізде 12 мыңға жуық мамандық бар, олардың бекітілген 590 кәсіптік стандарт 2689 мамандықты қамтып, экономикалық кәсіп түрлерінің жалпы классификаторы кіші сыныптың 27 пайызын ғана жабады.

Еңбек кодексіне сәйкес 2016 жылдан бері кәсіптік стандарттарды әзірлеуді салалық қауымдастықтар мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүзеге асырып келеді.

Сонымен қатар, кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту процесінде шешуді талап ететін бірқатар мәселелер бар. Атап айтқанда:

- кәсіптік стандарттарды әзірлеу процесін үйлестірудің жеткіліксіздігі. Жұмыс берушілер кәсіптік стандарттарды әзірлеуге де, осы саладағы мамандарды даярлауға да дұрыс қатыспайды. Белсенділік мықты салалық ассоциациялары бар салаларда ғана бар.

- қаржыландыру мәселесі. Әзірленген 590 стандарт негізінен Дүниежүзілік банктен алған қарыз есебінен қаржыландырылды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекет кәсіптік стандарттарды әзірлеуді – реттеу жүргізілетін мамандықтар бойынша қаржыландырады, ал қалғаны – жұмыс берушілердің есебінен іске асырылады.

- соңғы 2 жылда кәсіби стандарттарды әзірлеу жүзеге асырылмады. Әзірленген 590 кәсіби стандарттардың 576-сы еңбек нарығында болып жатқан өзгерістердің жылдамдығын ескере отырып, өзектендіруді қажет етеді.

«Алға қойылған міндеттерді жедел әрі сапалы шешу және мемлекеттік органдарды, жетекші салалық кәсіпорындарды, Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, оқу орындарын процеске тарту үшін мынадай ұсыныстарды қолдауды сұраймын:

Еңбек министрлігі жанынан мониторинг жүргізу және әдістемелік қолдау көрсету бойынша Жобалық офис құру. Ол кәсіптік стандарттарды әзірлеудің барлық процесін бірыңғай әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін болады; мемлекеттік органдар жанынан Жобалық салалық топтар құру. Бұл орталық мемлекеттік органдардың барлық салалық кәсіптік стандарттарды жапқаны үшін; ассоциациялармен және салалық білім ұйымдарымен жұмысты үйлестірудегі жауапкершілігін білдіреді; кәсіптік стандарттар банкін құру. Бұл мақсатта Еңбек министрлігі платформа құруға кірісетін болады, онда халықаралық стандарттардың барлық үлгілері, өңірлердің тәжірибесі, жаңа кәсіптер атласын ендіру нәтижелері жиналатын болады. Бұл кәсіптік стандарттарды әрі қарай әзірлеу мен өзектендірудің уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мемлекеттік органдарға ҰКП мен бірлесіп, реттелмейтін кәсіптерге қатысты кәсіптік стандарттарды қаржыландыру тетігін пысықтау қажет.

Бүгінгі таңда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде 250, ал техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 276 білім беру бағдарламасы әзірленіп, жаңартылды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жеделдету және білім беру ұйымдарының жігерін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын кәсіптік стандарттарға сәйкес өзектендірілген білім беру бағдарламалары бойынша оқытатын ұйымдарға бөлуге болады деп есептейміз. ҰБЖ дамыту үшін жұмысшылардың кәсіптік біліктілігін тану тәртібін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Осыған байланысты тиісті заң жобасын әзірледі, ол мыналарды көздейді:

- формалды және информалды білім алуды тану. Біліктілікті танумен қатар, осы біліктілік аясында алған шеберлігінің бірін тану тәсілдері ұсынылған.

- жұмыссыздардың біліктілігін танудың ваучерлік-модульдік жүйесін және жұмыс берушінің қызметін декларациялау кезінде қызметкерлердің біліктілігін тануды есепке алу жүйесін енгізу. Осылайша, азаматтардың еңбек нарығындағы өзгеретін жағдайларға жедел бейімделуі үшін жағдайлар жасалады. Бұл ұсыныс БҒМ мен бірлесіп «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын іске асыру үшін әзірленді.

- Еңбек министрлігінің Еңбек ресурстарын дамыту орталығы базасында ҰБЖ бойынша цифрлық платформа және бірыңғай әдістемелік орталық құру. Олар бірыңғай әдістемелік орталық және Ұлттық біліктілік жүйесі бойынша өзекті ақпарат беру көзі болуға тиіс.

СТРОИТЕЛЬСТВО НОВОГО КАЗАХСТАНА ЗАВИСИТ ОТ КАЖДОГО ИЗ НАС

В рамках проведения информационно-разъяснительной работы по проведению референдума 05.06.2022 и внесению изменений и дополнений в Конституцию РК прошла встреча члена регионального штаба Алматы, председателя городского локального профсоюза «Устаз» С.Байгуттинова с членами трудового коллектива школы №109 Жетысуского района.

В ходе встречи Серикжан Байгуттинов остановился на изменениях и дополнениях в Конституцию РК, отметил, что поправки, предлагаемые в действующую Конституцию Казахстана, направлены на укрепление демократии, верховенства закона.

Глава государства выступил с инициативой построения Нового Справедливого Казахстана, где не будет больше монополии на власть одной правящей партии, где парламент будет самостоятельным, а правительство - подотчетным перед депутатами. А мажоритарная система выборов депутатов, при которой избранными считаются кандидаты, получившие большинство голосов избирателей в своём избирательном округе, позволит лучше отражать интересы избирателей. Более того, избиратели получат право отзывать депутатов, которые не выполнили свои обещания перед народом. Все эти и другие изменения учтены в новой редакции Конституции Казахстана - 56 поправок будут внесены в 33 статьи Основного закона!

Профсоюзный лидер призвал всех граждан принять участие в референдуме 5 июня и отдать свой голос за изменения в Конституцию, за построение Нового Казахстана!

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДА, ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰМЫС БЕРУШІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Абай СЕЙДАЛИЕВ,
Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бас маманы.

«Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі Атқару комитетінің көшпелі отырысы Шымкент қаласында өтті.

Отырысқа Салалық кәсіподаққа қарасты мүше ұйымдар - жергілікті және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері, мектеп, колледж басшылары қатысты.

«Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тоққожа Естенұлы отырысты ашып, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігіне тоқталып өтті.

Күн тәртібі бойынша «Қызметкерлердің кәсіби мүдделерін қорғауда, әлеуметтік мәселелерін шешуде Түркістан облысы Білім басқармаларына қарасты мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушімен ынтымақтастығының маңызы» тақырыбында аталған кәсіподақтың төрағасы Байғұтов Нышан Тасболатұлы баяндама жасап, әріптестер алдында өз тәжірибесімен ой бөлісті.

«Түркістан облысы білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі 2017 жылы қаңтар айында әділет департаментінен тіркеуден өтіп, өзінің жұмысын жалғастыруда. Қоғамдық бірлестік өзінің барлық іс қимылдарын Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамаларын, кәсіподақтар заңын басшылыққа алып, қызметін атқарып келеді. Біздің басты мақсатымыз қоғамдық бірлестік қарамағындағы еңбек ететін кәсіподақ мүшелерінің кәсіби мүдделерін қорғау және еңбек ұжымында келісім мен тұрақтылықты сақтау болып табылады. Кәсіподақ ұйымдарының жүйелі жұмыс атқаруының негізі олардың жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушімен өзара ынтымақтастықпен, түсіністікпен қарым-қатынасында және келісіп барлық мәселелерді заң аясында бірге шешуде екенін барлығымыз жақсы түсінеміз. Әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыруда түрлі деңгейдегі әрбір үш жыл сайын жасалатын келісімдердің орны ерекше, әрі біздің саланың жұмысының маңыздылығына үлкен әсері болатыны кәсіподақ өмірінде дәлелденген.

Бүгінгі күні атқарушы органдармен жұмыс берушілер жұмыскерлердің құқықтарының сақталуына, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуде қоғамдық бірлестіктердің қаншалықты қызмет көрсетілуіне көңіл бөліп, өзекті мәселелерді бірге реттеуге қоғамдық ұйымдардың басшылыққа алып күнделікті жұмыс жүргізетінін жақсы біледі және оларға баға береді. Осы орайда Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің Республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған «Бас келісімнің» ролі ерекше. «Түркістан облысы білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі «Бас келісім» қабылданған соң, оның талаптары мен міндеттерінің жүзеге жергілікті жерлерде асыру үшін облыс деңгейіндегі қабылданатын үш жылдық келісімге байланысты екенін терең түсініп, облыс деңгейінде атқарушы билікпен жұмыс жүргізуді алдымызға мақсат етіп жоспарладық. Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар туралы заңын басшылыққа алып, заңгерлермен бірге ақылдасып Түркістан облысы әкімдігі жұмыс берушілердің облыстық бірлестіктері мен кәсіподақтардың облыстық бірлестіктері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған келісімге Қазақстанның Еңбек Конфедерациясы және Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары салалық және бюджеттік ұйымдар қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Т.Естеновтың қолдауымен алғаш рет қол қою мүмкіндігіне ие болды.

Бұл келісімге қол қоюдағы басты міндетіміз әрі мақсатымыз біріншіден Түркістан облысында осындай кәсіподақ қоғамдық бірлестігінің бар екенін көрсету, екіншіден атқарушы билікпен және жұмыс берушілермен тығыз байланыста кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғауда, еңбек қатынастарын реттеуде кедергісіз жұмыс жүргізу болды. Осындай маңызды атқарылған жұмыстар мен қабылданған келісімдердің арқасында Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасымен 2021-2024 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісім қабылданды. Бұл құжаттың қабылдануы басқа да кәсіптік одақтармен бірдей дәрежеде екенімізді дәлелдеді деуге болады. Өйткені, бүгінгі күні Түркістан облысында білім саласында облыс деңгейінде екі жергілікті кәсіптік одақ және кәсіподақтар Федерациясының филиалы құрылған. Үш кәсіподақ ұйымының арасында бәсекелестіктің болуы табиғи заңдылық.

Кәсіптік одақтар қоғамдық бірлестіктерінің және жұмыс берушілер бір-бірінің қызметіне араласпау,оларды құруға және жұмыс істеуіне кедергі болмау туралы заңнамалық және жалпыға бірдей танылған халықаралық нормалар мен қағидаларды сақтауда бұл атқарылған жұмыстар бізге үлкен көмек болуда. Келісімдер қабылданғалы бері облыстың үшжақты келісімдердің орындалуы туралы екі отырысы өтіп, жұмыс берушілердің есептері тыңдалды. Бізде өзіміздің ұсыныстарымызды айтып, кәсіподақтардың абыройын көтеруге үлесімізді қосып келеміз.

Әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамыту мақсатында бір-бірлеріне еңбек қатынастарының мәселелері бойынша, саладағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, осы келісімдерді реттеу нысаны болып табылатын мәселелері бойынша қабылданған шешімдер мен нормативтік құқықтық актілері туралы уақытында және толық ақпарат алмасуға мүмкіндіктердің болуы анық. Салалық өңірлік келісімдердің мерзімінде орындалуы ұйымдардағы қабылданатын ұжымдық шарттардың жасалуына, нәтижелігіне және әрекеттілігін арттыруға үлкен көмегін тигізетіні белгілі. Кәсіподақ мүшелеріне әлеуметтік қолдаулар көрсетуде аудан, қалалардың атқарушы билікпен жұмыс берушілермен бірге іс-шаралар өткізудің, ақпарат алмасудың орны бөлек. Біздің қоғамдық бірлестікте соңғы жылдары біршама істер атқарылып, оң нәтиже көрсетілуде. Басшылардың қолдауы кәсіподақтың жұмыс берушілермен ынтымақтастығын нығайтпаса төмендетпейді.

Кәсіподақ ұйымдарының ең басты міндетінің бірі кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғау және оларға барынша күнделікті өмірде әлеуметтік жағынан қолдау көрсету. Өзбекстан Республикасындағы су қоймасы бұзылып, Түркістан облысы Мақтарал ауданының бірнеше елді мекендері су астында қалып, тұрғын үйлер жарамсыз болып, малдары қырылып, егістіктерін су басып кетті. Осы ауданда біздің қоғамдық бірлестікке қарасты 5 білім беру мекемелері орналасқан. Оларда 180 кәсіподақ мүшелері еңбек етуде. Су тасқыны кезінде 8 кәсіподақ мүшелерінің үйлері жарамсыз болып қалғаны жөнінде арнайы комиссия шешім шығарған болатын. Мұндай жағдайды есіткен соң, біздің жергілікті қоғамдық бірлестіктің атқару комитетінің шұғыл отырысын өткізуді жөн көрдік. Өйткені, Мақтарал ауданынындағы су апатынан зардап шеккен тұрғындарға бүкіл халық, ел болып және шет елдердің азаматтары да қол ұшын созып, көмек ретінде қаржылай, заттай жәрдем берген болатын. Біздің қоғамдық бірлестіктің шешімі бойынша, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларының қолдауымен 2 млн. теңге қаржыны су тасқынынан зардап шеккен отбасыларына көмек ретінде өзіміз ауданға барып, қолма-қол құрылған комиссияға тапсырдық. Осындай қиын қыстау жағдайда атқарушы биліктің кәсіподаққа деген сенімі, қолдауы арта түсіп облыс көлемінде үлкен мәртебеге ие болдық. Осындай қаржылай көмек Арыс қаласындағы қаружарақ қоймасындағы жарылыстан зардап шеккен отбасыларына да қоғамдық бірлестіктің атынан берілген болатын. Ал, жекеленген кәсіподақ мүшелерін де төтенше жағдайлар орын алғанда берілген көмектеріміз бар. Шымкент агроколледжде кәсіподақ мүшесінің үйінде табиғи газ жарылып, денесінің 70 пайызы күйік шалғанын естіп, жергілікті кәсіптік одақ атынан бір айлық көлемінде қаржылай жәрдем берілді. Апат еш уақытта айтып келмейді. Мұндай келеңсіз жағдайлар лайым болмасын. Менің айтайын дегенім қандайда болмасын осындай жағдайда сен атқарушы биліксің, сен жұмыс берушісің, біз жұмыскерлерміз деп бөлінбей ынтымақтастықтың арқасында атқарылған игі істерге халық оң бағасын беріп жатты.

Қазығұрт ауданындағы Ж.Қаппаров атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың жас оқытушыларына арналып тұрғын үйлер салып, пайдалануға берілгенін мен өткен мәжілістерде айтқан болатынмын. Бұл құрылысқа 200 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалып, бүгінде жас ұстаздардың игілігіне асуда. Қазығұрт ауданы Қ.Сатпаев атындағы мектеп-гимназиясының директоры Ш.Налибаева мен бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Алмаш Нұрсейітовалардың бірігіп атқарған жұмыстарының арқасында мектеп-гимназиясындағы ахуал түзеліп, оқу тәрбие жұмысының жақсаруына ықпалы болып, қосымша қаржылар бөлуге жұмыстар жүргізілді.

Бүгінгі күні осы комиссия отырысында қоғамдық бірлестіктің көзқарасын білдіріп, тараптардың міндеттемелерінің орындалуына ықпал етіп отырамыз. Әдеп кеңесінің мүшесі ретінде «Педагог мәртебесінің» заңының орындалуына басты назар аударып келеміз. Өйткені, қаралып жатқан мәселелер тікелей бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен байланысты. Олардың жоғары деңгейде қаралып жатқаны, құқықтарының заң аясында шешілуіне атсалысып көзқарасымызды білдіріп отырамыз. Бұл игілікті іс алдағы уақытта жалғасын табатын болады. Ісіміз ортақ, атқаратын қызметіміз бір. «Түркістан облысы білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі алдағы уақытта да атқарушы органдар және жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайтып, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Заңын басшылыққа алып, өзінің жұмысын жүргізетін болады.

Баяндама бойынша сөз алған семинарға қатысушылар қозғалған мәселенің маңыздылығына тоқталып, өз тәжірибелерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды:

Қасымбек Жақсыбай Нұрлыбайұлы – Алматы экономикалық колледжінің директоры:

Осы жиында өте жақсы мәселелер көтеріліп отыр. Кәсіподақтың белсенділігін арттыру заман табалы. Білім сапасын көтереміз, жақсы маман дайындаймыз десек, ұстаздардың жағдайын жасауымыз керек. Ұстаздардың әлеуметтік жағдайы дұрыс болмаса, жұмысқа да ынтасы болмайды. Бірақ ұжым мүшелерінің мүдделерінің қорғалуын, оларға жағдай жасауды тек кәсіподаққа артып қою дұрыс емес. Ол үшін жұмыс беруші мен кәсіподақ тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Кәсіподақпен бірлесе отырып, жас мамандарды жұмысқа қалыптастыру бағытында жұмыс жасаймыз. Жұмыстан тыс уақытта мәдени-көпшілік іс-шараларын ұйымдастырып отырамыз. Атап айтсақ, табиғат аясына саяхат жасап, караоке клубтарына барып бірге ән шырқаймыз, әр түрлі сайыстар өткіземіз. Бұл шаралар, біріншіден, жас мамандарды, жалпы ұстаздар қауымын жұмысқа ынталандырса, екінші жағынан ұжым мүшелерін бір-біріне жақындатып, достықты қалыптастыруға өз септігін тигізері анық.

Еспанов Нұрлан Ергешұлы – Шымкент қаласы, №83 жалпы орта білім беретін мектептің директоры:

Бүгінде біз үшжақты әлеуметтік серіктестік бойынша тығыз және ынтымақта жұмыс атқарудамыз. Яғни әкімшілігіміз саналатын Білім басқармасы, екінші жұмыс беруші ретінде Мектеп басшылығы және кәсіподақ.

Осы үшжақты келісімнің нәтижесінде қандай да болмасын жазатайым оқиғалар орын алса, жалақы берілмей кешіктірілсе, еңбек құқықтары бұзылса, еңбекке жарамсыз жағдайда төлем төленбесе, тағысын тағы, яғни жұмыскерге келеңсіздік туғызған барлық мәселелерді арнайы комиссия отырысында талқылап, нақты нәтижелер шығарып отырамыз. Қарапайым еңбек адамына түсер қиындықты жеңілдетуде, еңбек заңдылықтарының сақталуын бақылауда, кәсіподақ мүшелеріне материалдық-моральдық қолдау көрсетуде кәсіподақтың атқарар жүгі ауыр десек те болады. Жалпы, еңбек қатынастарын реттеу кезінде кәсіподақтардың рөлі мен қызметі айрықша көрініс табады. Осылайша кәсіподақ жұмыс беруші мен жұмысшы арасына дәнекер болумен бірге, Қазақстан заңдарының сақталуын ұдайы қадағалап, үнемі жұмысшының құқығын қорғауға белсене араласады. Алдағы уақытта да кәсіподақпен әріптестік қарым-қатынасымызды нығайтып, ұжым қызметкерлерінің еңбек, әлеуметтік жағдайын жасауда ынтымақтасып, тығыз байланыста боламыз.

Еркенов Болат Есмұратұлы – Алматы облыстық қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің директоры:

Көтеріліп отырған тақырып өте маңызды. Қазіргі таңда сапалы білім беріп, жақсы мамандарды дайындап шығу үшін ұстаздарымызға жағдай жасау керек деген әріптесімнің айтқанына қосыламын. Біздің бастауыш кәсіподақ ұйымы әкімшілікті үнемі ұстаздардың жағдайынан хабардар етіп отырады. Мәселе туындаған жағдайда бірлесіп, шешудің жолын іздейміз. Колледждің білім беру бағытына сәйкес оқушыларымыздың дайындаған өнімдерін сатамыз, сонымен қатар олар ақылы қызмет көрсетеді. Осының бәрінен түскен қаржыны кәсіподақпен бірлесе отырып, ұстаздардың әл-ауқатын, ынтасын көтеру үшін жұмсаймыз. Жас мамандарға пәтер алуға жағдай жасадық, олардың барлық құжаттарын дайындап, рәсімдеген кәсіподақ ұйымы. Осы жерде алдағы уақытта осындай басқосулар жиі болып тұрса, қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, ой-пікірлерін айтса, жұмыста көп көмек болар еді дегім келеді.

Қасымова Бақыткүл Жолдасқызы – Түркістан қаласындағы көмекші мектеп-интернаттың бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Бүгінгі семинардың тақырыбы өте өміршең екені, күнделікті жұмысымызда керек екені, тақырыбынан-ақ белгілі. Біздердің жұмысымыз жұмыс берушілермен және атқарушы органдармен өзара ынтымақтастықты орнатта білсек, еңбегіміз жемісті, жұмыскерлердің алдында ұялмайтындай еңбегіміз нәтижелі болатынына көзіміз жетті. Біздің мектеп-интернаттың бұрынғы басшысы басқа мекемеге ауысып кеткен соң, ұжымда үлкен мәселелер орын алды. Түркістан қаласы облыс орталығы болған соң мектеп-интернаттың жері, ғимараттары қажеттілікке байланысты бұзылады дегенде, бұл шешімге ұжым мүшелері түсініспікпен қарап қарсылық білдірмеген еді. Алайда көмекші мектеп-интернат отыз шақырым жердегі Кентау қаласына көшіріледі дегенге қарсылық білдіріп, облыстың әлеуметті дамыту басқармасының ұсынысын қолдамады. Ол кезде интернатта басшы жоқ еді. Сондықтан осы жағдайды Түркістан облысы білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының төрағасы Нышан Тасболатұлына баяндап, бірігіп ақылдаса отырып әрекет жасауымызға тура келді. Шұғыл бастауыш кәсіподақ ұйымының жиналысына шақырып, ұжым мүшелерімен ақылдасып бір шешімге келдік. Мекеме басшысы болмаған соң, кәсіподақ ұйымының төрайымы ретінде барлық мәселе бойынша өзім айналыстым. Облыс әкіміне, облыстың білім басқармасына хат жазып, Кентауға бармайтынымызды, ол жерде әр ауданнан жиналған мүмкіндігі шектеулі 180 оқушыға жағдай жасалмайтынын, ұжымда көпшілігі жалғыз басты аналар екенін, олардың жұмыссыз қалатынын алға тарттық. Нәтижесінде, Түркістаннан басқа ғимарат беріліп, сонда уақытша көшіп алдық. Бірақ ол ғимарат санитарлық талаптарға сай емес, сондықтан оқу ғимаратын салу үшін жер сұрап кәсіподақтың атынан қала әкімдігіне хат жолдадық. Ұстаздардың талабына құлақ асқан Түркістан қаласының әкімдігі үш гектар жер телімін бөлді. Қазіргі уақытта жер телімінің құжаттары рәсімделуде. Менің айтайын дегенім, әрбір білім ұйымында мәселелері жеткілікті. Оны шешу үшін атқарушы билікпен тұрақты ынтымақтастық орнатып, жұмыс берушімен олардың атқаратын міндеттерін айқындап алсақ, алынбайтын қамал жоқ екеніне көзім жетті. Алдағы уақытта да ұстаздарымыздың жағдайын жасап, жұмысқа ынтасын арттыру жолында күш-жігерімді аямай, жергілікті билік өкілдерімен, жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс істеймін деп ойлаймын.

Әбек Ұлықпан – Алматы облысы, Райымбек ауданы, «Қамқор-2» филиалының төрағасы:

Нышан Тасболатұлы өз сөзінде кәсіподақтың жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушімен өзара ынтымақтастығы негізінде жұмыстарындағы көкейтесті мәселелерін қалай шешіп жатқаны жөнінде айтып өтті. Біздің Райымбек ауданы облыстың шалғай аумағында орналасқан, өндіріс орындары жоқ. Ауданда тек үш қана білім, медицина және басқа да бюджеттік сала қызметкерлерінің кәсіподақтары жұмыс істейді. Аудан әкімдігімен әлеуметтік әріптестік жөнінде келісім жасалып, сол келісімнің талаптарының орындалуы үнемі назарда. Ауданда кәсіподақтың беделін көтеру мақсатында және аудан өмірінде болып жатқан іс-шаралардың ортасында болу мақсатында аудандық қоғамдық кеңестің мүшелігіне өттім. Әлеуметтік әріптестік тараптары болып жатқан іс-шараларға шақырып, бізбен үнемі санасып отырады. Әйтсе де, жергілікті атқарушы билік тарапынан бұрыннан келе жатқан әдіс-тәсілдерді пайдалану, атап айтқанда, түнгі мезгілдерге, мейрам кездерінде мұғалімдерді кезекшілікке қою, әртүрлі қорларға мұғалімдердің бір күндік жалақысын аудару, түрлі іс-шараларға мәжбүрлеп қатыстыру сияқты әрекеттер толастар емес. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының талаптарын түсіндіріп, осындай әрекеттерге тосқауыл қойып отырамыз.

Жарыссөзге шығып сөйлеген адамдар өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, жұмысшылардың мүддесін қорғауда, олардың еңбекке деген ынтасын арттыруда жұмыс беруші және кәсіподақ болып бірлесіп жұмыс атқарудың маңызының зор екенін айтты. Сонымен қатар, ауыл мектептерінің, мұғалімдердің мәселелері көтеріліп, ол жөнінде ұсыныстар айтылды. Олар:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес қарастырылған аула сыпырушы, от жағушы деген қызметтердің тарификация кезінде ескерілмей, штат кестесіне енбей қалуы. Әсіресе, орталық жылу жүйесіне қосылмаған, пешпен жылытылатын мектептерде маусымдық от жағушы бірлігі қарастырылмаған. От жағу маусымы кезінде от жағушының міндетін біресе аула сыпырушыға, біресе күзетшіге қосымша жүктеп отырады. Осыдан кейін техникалық қауіпсіздік жөнінде әңгіме қозғау мүлде қисынсыз.

Сонымен қатар, коммуналдық төлем мөлшері көбейтілсе деген ұсыныс айтылды. Себебі, ауылдық жерде мұғалімдерге бір жылға берілетін коммуналдық төлем жарты тонна көмірге немесе екі-үш айда пайдаланған электр қуатына ғана жетеді.

Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша «Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Атқару комитетінің қаулысы қабылданып, алдағы уақытта осы бағытта атқарар шаралар белгіленді.

Отырыс соңында Кәсіподақ пен ұжымның қоғамдық өміріндегі белсенді еңбектері үшін әріптестерге Салалық кәсіподақтың марапаттары тапсырылды.

БЕРЕКЕЛІ ЖИЫННЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Мұрат ЖҮЗІМБАЕВ,
«Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Кәсіподақ бүгінде азаматтардың құқықтарын қорғау барысында өз жұмысын бір сәтте тоқтатқан емес. Кәсіподақтың негізгі мақсаты – әлеуметтік-экономикалық, еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру және мемлекеттік, қоғамдық органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдары алдында кәсіподақ мүшелерінің және кәсіподақ ұйымдарының мүдделері мен құқықтарын қорғау болып табылады.

Кәсіподақтар жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың тиімділігін мүмкіндігінше пайдалану үшін тәжірибе алмасу мақсатында 2022 жылғы 26 сәуір күні «Білім және ғылым мекемелері мен кәсіпорындары және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласында көшпелі семинар болып өтті. Алматы қаласы мен Алматы облысы және Жетісу облысынан тәжірибе алмасуға жалпы салалық кәсіподақтың түрлі сайланбалы органдарынан 25 мүше келді. Іс-шара модераторы – салалық кәсіподақтың төрағасы Тоққожа Естенов тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығына ерекше тоқталды. Іс-шараның күн тәртібінде бір ғана мәселе қарастырылды «Қызметкерлердің кәсіби мүдделерін қорғауда, әлеуметтік мәселелерін шешуде Түркістан облысы бойынша Білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушімен ынтымақтастығының маңызы» тақырыбында қаралып, негізгі баяндамашы «Түркістан облыстық білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нышан Байғұтов кәсіподақ мүшелерінің кәсіби мүдделерін қорғау және еңбек ұжымында келісім мен тұрақтылықты сақтау болып табылатындығына тоқталды. Кәсіподақ ұйымдарының жүйелі жұмыс атқаруының негізі олардың жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушімен өзара ынтымақтастық пен түсіністік таныту арқылы қалыптастратын қоғамдық қатынастарды реттеудің тиімділігін арттыру.

Кәсіподақтың әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыруда түрлі деңгейдегі әрбір үш жыл сайын жасалатын келісімдердің орны мен ерекшеліктерін, облыстың білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкі-

меті, жұмыс берушілердің Республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған «Бас келісімнің» ролі үлкен.

Бас келісімнің басқармаға қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі «Бас келісім» қабылданғаннан кейін, талаптары мен міндеттерінің жергілікті жерлерде жүзеге асыру үшін облыс деңгейіндегі қабылданатын үш жылдық келісімге байланысты. «ҚР Кәсіподақтар туралы» заңын басшылыққа алып, заңгерлермен бірге ақылдасып, облыс әкімдігі жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың облыстық бірлестіктері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған келісімге Қазақстан Еңбек конфедерациясы және салалық кәсіподақ төрағасы Тоққожа Естеновтың қолдауымен алғаш рет қол жеткізді. 2021-2023 жылдарына арналған облыстық адами әлеуметті дамыту басқармасымен Әлеуметтік келісімде дер кезінде түзілген.

Білім беру мекемелеріндегі еңбек қатынастарын реттеуші құжаттың бірі Ұжымдық шарт екені анық. Ұжымдық шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері жазылады. Өңірдегі соңғы уақыттары Ұжымдық шартты әзірлеу, Кәсіподақ аппаратының тікелей міндеті деген теріс түсінік қалыптасқан. «Педагогтың мәртебесі туралы» ҚР заңнамасының нормалары білім беру ұйымдарында Әдеп жөніндегі кеңес, жеке еңбек даулары бойынша Келісім комиссиясының маңыздылығына серпін беру қажеттілігіне тоқталды. Атқарушы билікпен ынтымақтастықпен жұмыс жүргізілген жағдайда осындай шешімнің қабылдануы ұжымдағы кәсіподақ мүшелерінің кәсіподаққа деген сенімінің арта түсуі үлкен жетістік болды. Жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу жолдары бүгінгі күні қолға алынуда. Салалық кәсіподақтың қолдауымен қажетті жұмыстар жүргізілуде деп, жергілікті кәсіподақ төрағасы өз сөзін аяқтады.

Балқаш аудандық кәсіподағының төрағасы С.Смағұлов аудан деңгейіндегі атқарылған жұмыстарын тілге тиек етті. Әкімдік пен білім басқармасы мен білім беру ұйымдарындағы еңбек қатынастарындағы елдің ынтымағы екенін түсіну қажеттілігіне тоқталды. Көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру мен олардың нәтижелері, педагогтардың арасындағы қатынастарды бастауыш кәсіподақ ұйымдары басты назарға алудың маңыздылығы мен дер кезінде тиімді жұмыс жүргізілуі. Ынтымағы жарасқан еліміздің жетістікке жету жолдарындағы тиімді жұмыстар жүргізуге атсалысуға шақырды.

Алматы қаласының «Тамақтандыру және инновациялық колледж директоры Болат Еркенов халықаралық деңгейдегі атқарып жатқан жұмыстарының тиімділігіне қол жеткізу үшін жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы тиімді жұмыстарын атап өтті. Министрлік деңгейінде колледждің өз өнімінен түскен қаражатты тиімді жұмсау нәтижелерінде, қызметкерлердің тұрғын - үй мәселелерін оң нәтиже беріліп, сыйақы берудің өзіндік модулі мен педагогтердың сандық көрсеткіштен сапаға көңіл беру тиімділігін пайдалану тетіктерін қалыптастыру жолдарынан хабардар етті. Педагогтардың 85 пайызы магистрлар құрап отыр. Республикалық тіпті халықаралық жарыстарда жүлделі орындар алуда. Педагогтардың әлеуметтік жағдайы жасалса, әрине сапалы нәтижеге қол жеткізу оңай болады. Ал, дәл осы процесте бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмысының тиімділігінің арқасында жұмысшыларымыз сапалы кадр даярлауда.

Көшпелі семинардың бүгінгі күннің өзекті мәселелерді шешу жолдарындағы халықаралық әлеуметтік-экономикалық үрдістерде орын алып жатқан жаһандық және түбегейлі өзгерістер еңбеккерлерді, айналып өтпесі анық. Тұрақтылық – кез келген қоғамның басты құндылығы. Егер қызметкер кәсіпорынның тұрақты дамуын, өзінің әлеуметтік тұрғыда және заң жүзінде қорғалғанын сезінсе, демек оның отбасында да барлығы жақсы болады. Осы орайда «Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Шымкент қаласы білім басқармасының №83 жалпы орта білім беру мектебінің директоры Нұрлан Еспанов жергілікті кәсіподақтың қызметкерлерге пандемия кезіндегі алғаш көмек қолын созып, дертке шалдыққан кәсіподақ мүшелеріне емделуіне өз септігін тигізген. Сондай-ақ, қашықтықтан оқытумен бетпе-бет келген кезде де педагогтарға қажетті ноутбуктер мен планшеттерді, одан қала интернетке қосылуға қажетті мегабайттармен қамтамасыз етудегі Кәсіподақ аппаратының төрағасы Жүзімбаев Мұрат Бекмұратұлына алғысын білдірді. Сауықтыру шаралары мен денсаулығын жақсартуға қажетті қаражатты Кәсіподақ аппаратының қорынан қаржылай көмек көрсету жүйесі тұрақты түрде жүргізілуде. Жұмыс берушілер тарапы кәсіподаққа арқа сүйесе, жұмысшыларымыз кәсіподаққа сенеді. Мекемедегі еңбек қатынастарынына дәнекер бола білген Кәсіподақ аппаратымен болашақта әріптестік жұмыстарын жүргізу барысында тиімді жұмыс жүргіземіз деп ойлаймын.

ҮШ ЖОЛДЫҢ ТОҒЫСУЫ

Нұрлан ЕСПАНОВ,
«Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты
№83 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры».

Жұмыс берушімен жұмысшылар арасына дәнекер болып отырған ұйым ол – кәсіподақ ұйымы. Бұл үш ұйым бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамда жұмыс беруші мен жұмысшылар арасын жалғап тұрған кәсіподақ ұйымын «алтын көпір»-деп те, әспеттеп айтып жатады. Бұл орынды айтылған сөз деп ойлаймын. Неге? Өйткені, кәсіподақ жұмысшылардың шынайы жанашыры деп толық сеніммен айта аламын.

Осы орайда сөзімді дәйектей кетейін. Басқарып отырған мектебімдегі кәсіподақ ұйымымен жүргізіліп жатқан жұмыстың іс-тәжірибе барысында қандай жетістікке жетіп жатырмыз? Бұл маңызды сұрақты тарқатып көрелік. Жалпы айтатын болсам, пандемия басталған кезде ұжымымыздың біраз қызметкерлері дертке шалдыққан болатын. Осы дертке шалдыққан мұғалімдерге алғашқы қол көмегін Мұрат Бекмұратұлы басқаратын жергілікті кәсіподақ ұжымы тарапынан алғашқы көмек ұсынылды. Қашықтықтан білім беру кезінде мұғалімдерге дер кезінде оқушылармен ғаламтор байланысымен қамтамасыз ету мақсатында, бірнеше мұғалімдерге ноутбуктер мен планшеттер, ғаламтормен байланысқа қажетті мегабайттармен қамтамасыз етіп отырды. Кәсіподақ ұжымының ұстаздың қиын-қыстау кезінде алғашқы көмек қолын созуы, сондай-ақ сауықтыру жұмыстарына етене мән беріп отыруы, емделу-сауықтыру шараларына жіберу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырғанын айта кету керек. Қарапайым мысалы ретінде, күні кешегі әлі бір апта да болмаған оқиғамен бөліссем. Мектебіміздің ұстазына шұғыл ота жасау қажеттілігі туындап, туысқанынан бұрын десем қателеспейтін шығармын жергілікті кәсіподақ пен ұжымымыздағы педагогтардың арқасында қажетті сомманың жартысы жиналып, қолына ұсынылды. Сонымен бірге, жұмыс берушіге яғни біздерге кәсіподақтың да берері өте мол, себебі біз кәсіподаққа арқа сүйейміз, ал жұмыскеріміз кәсіподаққа сенеді. Еңбек қатынастарындағы дәнекер бола білетін осы кәсіподақ ұжымы деп білемін. Жұмыс барысында тек дауларды ғана шешпей, сонымен қатар сол мекемедегі жақсы қарым-қатынасты қалыптастыруға осы кәсіподақ ұйымы атсалысты деп білемін. Бүгінде біз үшжақты әлеуметтік серіктестік бойынша тығыз және ынтымақта жұмыс атқарудамыз. Яғни, әкімшілігіміз саналатын Білім басқармасы, екінші жұмыс беруші ретінде мектеп басшылығы және кәсіподақ. Алдағы уақытта да кәсіподақпен әріптестік қарым-қатынасымызды нығайтып, ұжым қызметкерлерінің еңбек, әлеуметтік жағдайын жасауда ынтымақтасып, тығыз байланыста боламыз деп ойлаймын.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Алматы қаласы «Жергілікті «Руханият» кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Еңбек жолы» атты жарқын ойын жүзеге асыру мақсатында байқауын өткізді.

Аталмыш байқаудың негізгі мақсаты жергілікті тұрғындарды еңбекке баулып, отан алдындағы азаматтық борышын адал өтеуге ынталандыру. Қазіргі таңда бұл іс-шара көпшіліктің көңілінен шығып, қолдау тауып отыр. Жалпы бұл байқау қоғамдағы еңбекші қауымды еңбекке баулып қана қоймай, кәсіби шеберлігін шыңдау, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүргізіліп отырғандығын айтуға болады. «Еңбек жолы» байқауының бір ерекшелігі мемлекеттік мекемедегі жұмысшылардың жанұясымен бірігіп абыройлы еңбек етуінде болып отыр. Демек, бір отбасы мүшелері мекеме ошағында иықтіресіп тер төгуі қазіргі таңда өте сирек кездесетін құбылыс деп атуға да болатын шығар. Осындай әулеттік үрдіс ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығын үзбей келе жатқаны мекеменің мерейіне айналып отыр.

Иә, бұл байқаудың аты айтып тұрғандай, адам өміріндегі еңбек жолының еселі тұстарын екшелеп, лайықты бағасын беретіні сөзсіз. Бұл бастаманың маңыздылығына мән берген Алматы қаласы «Жергілікті «Руханият» кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Исламбек Омаров мырза кәсіподақ мүшесі болып табылатын мекемелерді «Еңбек жолы» байқауына қатысып, ептіліктерін сынға салуға шақырған болатын. Кәсіподақ жетекшілері ұжыммен ақылдасып, өздері еңбек етіп жатқан мекеме абыройын асқақтату мақсатында тауекелге бел буды.

Байқауға қатысқан ұжымдар арасынан шын жүйрікті анықтауға уақыттың өзі төрелік етті. Жыл соңында жүргізілген жүйелі жұмыс уақыт оздырып барып, өз нәтижесін бергеніне куә болдық.

Тақырыпты тарқатпас бұрын аумақтық және республикалық деңгейде өткен «Еңбек жолы» байқауының талаптарына аз-кем тоқтала кеткеніміз жөн шығар. Байқау үш номенация бойынша өтті. Атап айтар болсақ: «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістегі үздік жас маман», «Еңбек әулетін жалғастырушы жас маман».

«Үздік еңбек әулеті» номенация бойынша, мекемеде ең көп шоғырланған әулет мүшелері марапат мадақтарымен көзге түскен еңбекшілер әулеті қамтылды. Келесі кезекте «Өндірістегі үздік жас маман» бұл салаға – мекемеде 5 жылдан астам еңбек еткен белсенді, ұйымдастыру қабілеті өте жоғары еңбекқор қызметкерлер қатысты. «Еңбек әулетін жалғастырушы жас маман» бұл салаға – бір мекемеде әулетімен 20 жылдан астам еңбек еткен адамдар, еңбекті жаңа бастаған әулет ісін жалғастырушы ұрпақтар да қамтылып, шеберліктерін сынға салды.

Байқау екі деңгейде өтіп, таразыға тартылды. Бірінші «Еңбек жолы» байқауының аймақтық жеңімпазын іріктеу. Екінші «Еңбек жолы» байқауының республикалық жеңімпаздарын анықтау басты назарға алынды.

«Еңбекші әулеті» байқауына «Шаңырақ» спорт мектебі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театры, Қазақ мемлекеттік цирк мекемесі, Әуезов атындағы Қазақ драмтеатры, «Қуыршақ» театры қатысты. «Өндірістегі үздік жас маман» байқауына Мемлекеттік би театры, Қысқы спорт түрлері бойынша «Алатау» республикалық жоғарғы мектебі, Республикалық спорт колледжі, сәндік қолданбалы өнер колледжі қатысты. «Еңбек әулетін жалғастырушы жас маман» байқауына Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы, Медициналық спорт орталығы, Республикалық спорт колледжі, Әуезов атындағы Қазақ драмтеатры қатысты.

Маусымдағы маңызды іс-шараға қатысқан мекеме жеңімпаздары «Жалпы еңбек қоғамы» республикалық форумда салтанатты түрде марапатталды. «Еңбек күні» Алғыс хатымен Алматы қаласындағы Әуезов атындағы «Қазақ Ұлттық Академиялық драма театры» қызметкері Толғанбаевтар әулеті марапатталды. Марапатты тапсырған аталмыш театрдың кәсіподақ ұйымының төрайымы Раушан Жакипова ханым өз қолымен тапсырды. «Еңбек күні» Алғыс хатымен «Полиграфкомбинат» ЖШС мекемесінің қызметкері Абдулаева Несіпхан Аманқызы марапатталды. Бұл марапатты Алматы қаласы «Жергілікті «Руханият» кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Исламбек Омаров мырза табыстады.

Ел жастарына үлгі-өнеге болатын осындай ауқымды шаралар алдағы уақытта өз жалғасын табады деген ойдамыз.

Қайрат АҒЫБЕРГЕН.

ОХРАНЕ ТРУДА - ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ

В преддверии Всемирного дня охраны труда 26 апреля 2022 года в Карагандинском филиале ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» состоялось расширенное заседание Исполкома филиала.

На заседание Исполкома филиала были приглашены начальник службы производственной безопасности и экологии Карагандинского отделения Грузовые перевозки Ю.Кичатова и начальник сектора охраны труда и экологии Карагандинского отделения магистральной сети А.Шакенова.

Заседание открыл председатель филиала Я.Т. Альмусин поздравлением десяти лучших технических инспекторов по охране труда предприятий региона, с вручением им благодарственных писем и денежных премий (Ярослав Ярымчкук, Бактыбай Зейіл, Сымбат Жексенова, Толеу Кадиров, Андрей Силюков, Нуркелды Буденов, Ардак Маселов, Азамат Тастимов, Жалел Жарболов, Елена Лысенко). По итогам весеннего осмотра за вклад в улучшение условий труда на рабочем месте поощрен благодарственным письмом и подарком для благоустройства комнаты приема пищи коллектив Карагандинской дистанции сигнализации и связи под руководством старшего электромеханика Азамата Шамшиевича Смаханова.

Основной темой заседания было подведение итогов проведенного весеннего комиссионного осмотра, в части обеспечения здоровых и безопасных условий труда, обсуждение качественной работы производственных советов, и выработка совместных мероприятий по повышению у работников культуры охраны труда.

Председатель Карагандинского филиала профсоюза Яхия Альмусин отметил, что «вовремя предотвратить несчастный случай – главная цель, задача, основной принцип в деле обеспечения охраны труда. Поэтому, кроме обеспечения надзорной деятельности в охране труда, упор необходимо делать и на профилактику, и на пропаганду вопросов безопас-

ности жизнедеятельности. Такие встречи помогают достичь успеха в постоянной, тяжелой, кропотливой работе по повышению культуры охраны труда в предприятиях».

В ходе совещания всем присутствующим были розданы буклеты о культуре охраны труда на рабочем месте.

Председатели первичных организаций Профсоюза Карагандинского региона также не остались в стороне. Они посетили работников, получивших трудовые увечья на производстве. Совместно с инженерами по охране труда организовали и провели викторины на знания правил безопасного труда.

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ

Гүлзира ӘБІЛАХОВА,
Әсет Бейсеуов атындағы орта мектебінің
математика пәнінің мұғалімі.

«Ауылын көріп – азаматын таны» – деп, бекер айтылмаса керек. Нағыз азаматтар қатарына енетін бірден-бір маман иесі – ұстаздар. Білімді де білікті, іскер, шебер ұстаздары бар мектептің де бағы жанары анық. Ұстазына қарап мектептің жағдайын түсінуге, кереметіне сүйсінуге болады. Сондай мектептердің бірі – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы Әсет Бейсеуов атындағы орта мектебі.

Қазақтың ән сұңқары атанған сазгер Әсет Бейсеуовтің есімімен аталатын бұл мектепті құт дарыған деуге болады. Әрбір істе үздік педагогтар, үздік оқушылар биіктен көрініп, топ жарып жүр. Осы орайда өзінен кейінгіге жол көрсетіп, үлгі болып жүрген, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сайдиев Хамит Тлебалдыұлы туралы айтпасқа болмайды. Хамит Тлебалдыұлы 29 наурыз 1959 жылы Семей облысы, Шұбартай ауданы Жорға ауылында дүниеге келген. 1967 жылы «Жорға» орта мектебіне қабылданып, 1977 жылы бітіріп шықты. Жастайынан еңбекке құмар жас жігіт комсомол жастар бригадасына еніп, 1977-1978 жылдары ауданды, ауылды көркейтуге, экономикасын дамытуға үлес қосып еңбек етті. 1978 жылы арман қуып Алматыға келіп КазИФК студенті атанды. 1982 жылы институтты бітіріп, қолына диплом алып, туған ауылға оралып, «Жорға» орта мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1983 жылы Алматының ауасын аңсап, Қарғалы ауылына қоныс аударып, Қарғалы №2 (қазіргі №3) орта мектебіне жұмысқа қабылданды.1984 жылы әскер қатарына шақырылып, отан алдындағы азаматтық борышын адал атқарып, шаңырағына абы-

роймен аман оралып, ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қойып, Әсет Бейсеуов атындағы орта мектебінде ұстаздық қызметін жалғастыруда.

Ұстаздық жолда жеткен жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Біліктілігімен, төзімділігімен, шеберлігімен топ жарып жүрген азамат – Хамит Тлебалдыұлы ерен еңбегі үшін бірнеше рет марапатталды. Қазір Бауыржан Момышұлы атындағы «Бауыржан шапағаты» медалінің, «ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл» медалінің, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісінің, «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі» төсбелгісінің, 60 жас арасындағы республикалық турнирдің III дәрежелі дипломының иегері.

Еңбегі елге еленіп, алғысқа бөленген Хамит Тілебалдыұлы бүгінде зейнет жасына жетіп отыр. Әйтсе де жүйелі еңбектің нәтижесінде әлі де еңбек етуге құштар екендігін аңғартып келеді. Кәсіподақ ұйымының белді мүшесі. Келісім комиссиясының төрағасы болып, мектепішілік келіспеушіліктерді кеңес мүшелерімен талқылап, түсіндіріп, келісімге келтіріп, әрбір жағдайдың тігісін жатыстыра білетін ұлағатты ұстаз. Әріптестер арасында өте сыйлы, өзіндік орнын білетін ел ағасы. Білім беру саласындағы қайнаған еңбектің арасында әрқашан табыла біледі. Білім сайыстары, спорттық сайыстар, семинар-конференциялар ортасында Хамит Тілебалдыұлын әркез кездестіресіз. Сөз соңында:

Ұлағатты ұстаз болып,
Жас ұрпақты үйреткен.
Спорт-білім бесігінде,
Шәкірттерін тербеткен.

Әріптестер арасында,
Үлгі етерлік көп ісі.
Зейнеткерлік жасқа жетті,
Қолдап ой мен өрісі.

Шаңырағы толсын дейміз,
Қуаныш пен шаттыққа.
Ұрпағынан рахат көріп,
Қалаулы болсын халыққа.

деген өлең жолдарын арнаймыз.

Алматы облысы,
Жамбыл ауданы,
Қарғалы ауылы.

ПРОФСОЮЗ И СПОРТ ЕДИНЫ!

Н. УТЮПОВА,
председатель ПК ППО КГУ
«Общеобразовательная школа им.П.Корниенко»
Абайского района Карагандинской области

Сегодня поддержка здорового образа жизни для многих становится первоочередной задачей. Когда человек здоров, полон сил, он более активен и эффективен. В корпоративной культуре важным элементом поддержания хорошей спортивной формы является проведение спортивных состязаний среди коллектива. Для чего же организовываются подобные мероприятия, помимо поддержания здорового образа жизни?

Прежде всего, дело в построении коллектива и мотивации. Правильно подобранный совместный активный отдых положительно сказывается на сплочённости коллектива, развивает навык общения и способствует адаптации новых сотрудников. К тому же, спортивные мероприятия формируют навык умения работать в команде, что не мало важно для работы в больших организациях.

В рамках Года социального партнерства, в преддверии празднования Дня Единства народов Казахстана, Дня защитника отечества и 77-ой годовщины Победы в ВОВ профсоюзным комитетом КГУ «Общеобразовательная школа им. П.Корниенко» при поддержке районного профсоюзного комитета была проведена школьная спартакиада среди членов профсоюза школы. Соревнования проходили по шашкам, настольному теннису, волейболу и баскетболу. В соревнованиях приняли участие 70% коллектива школы.

На всех площадках царил спортивный дух, болельщики коллеги азартно, эмоционально поддерживали свои команды.

Внедрение корпоративного спорта является крайне положительным и эффективным способом повышения мотивации и работоспособности персонала. Победители были награждены ценными призами и грамотами.

Праздник спорта и Профсоюза состоялся!

ЖҮЙЕЛІ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСЫ

Гүлмариям БАЙМУХАНОВА,
Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің
қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы.

Кәсіптік бағдар беру – бұл қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесу. Әрбір адам өз өмірінде мамандық таңдаудан қателеспеуі керек.

№ 6 Жамбыл Жабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

№ 30 мектеп Туғанбай ауылы

Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, жеке тұлғаға қойылатын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалынып алынған мамандыққа мүдделігін тәрбиелеуді қажет етеді. Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің «Жүйелік – кәсіптік бағдарлау» жұмыстары бойынша және Талғар ауданында «Өмірлік бағдар» жобасы аясында 9-11 сынып оқушыларымен NEET санатындағы жастарға, ауыл жастары мен мектеп түлектеріне және олардың ата-аналарына кәсіптік – бағдар беру мақсатында насихат жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында колледжімізде дайындалатын мамандықтар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мамандықтар мен кәсіптер бойынша кітапшалар, бүктемелер таратылып, бейнебаян материалдары көрсетілді.

Колледж мынандай мамандықтар бойынша мамандар дайындайды: Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша), Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, Тағам өндірісінің технологиясы, Жерге орналастыру, Ветеринария, Есеп және аудит, Есептеу техникасы және ақпараттық желілер бойынша. Сонымен қатар колледжде қосымша қысқа мерзімді курстар оқытылады. Атап айтар болсақ: 1С бухгалтерия, косметолог, шаштараз, компьютерлік сауаттылық, электрдәнекерлеуші, тракторист – машинист.

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Әркім өзінің ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, қоғамға да үлкен пайда. Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру – маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе, сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

ВОЛЕЙБОЛДАН МЕКТЕПІШІЛІК ЖАРЫС БОЛЫП ӨТТІ

Т. ЖАГМАНОВА,
Ақжол ауылындағы Әлібек Бүркітбаев атындағы ЖББ №12 орта мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

2022 жылдың 5 мамыр күні Ақжол ауылындағы Әлібек Бүркітбаев атындағы ЖББ №12 орта мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымының жоспарына сәйкес, «Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай, мектептің кәсіподақ мүшелері арасында волейболдан жарыс өткізілді.

Жарысқа мектептен 4 команда «Бастауыш сынып пәндер бірлестігі» командасы, «Гуманитарлық пәндер бірлестігі» командасы, «Политехникалық пәндер бірлестігі» командасы, «Кіші қамту қызметкерлері» командалары қатысып, тартымды ойын көрсетті. Ойын өте тартысты, қызықты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша I орын гуманитарлық пәндер бірлестігі командасы, II орынды политехникалық пәндер бірлестігі командасы, III орынды бастауыш сынып пәндер бірлестігі командасы иеленді. Жарысқа арнайы Қарқаралы аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Азамат Секербайұлы, білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Қайрат Жолжақсыұлы арнайы қатысып, жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтап, жақсы ойын көрсеткен кіші қамту қызметкерлері командасын және I, II, III орын иеленген командаларды грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Жарыс нәтижесінде үздік ойын көрсеткен қосымша білім беру педагогы Қайрақ Қалиұлы мен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлжазира Қайырбекқызына «Үздік ойыншы» номинациялары табысталды. Мереке қарсаңында Қарқаралы аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Азамат Секербайұлы мектептің белсенді кәсіподақ мүшелері, мектептің қызметкері Орал Абылқайырұлы мен алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Мерген Нұрғабденұлын Қарқаралы аудандық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен ақшалай сыйақы табыстады. Осындай іс-шараға қатысып, қолдау жасаған Қарқаралы аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Азамат Секербайұлы, білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Қайрат Жолжақсыұлына алғысымызды білдіреміз.

КӘСІПОДАҚТАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Ағымдағы жылдың 20 мамырында «Алматы кәсіподақтар одағы» кәсіподақтар бірлестігі ғимаратының мәжіліс залында «Кәсіподақтар қозғалысының оқу семинар-тренингі» болып өтті.

Аталмыш шараны Алматы қаласы «Жергілікті «Руханият» кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Исламбек Омаров мырза ұйымдастырып, жүргізіп отырды. Күн тәртібінде: Кәсіподақтың негізгі қызметін түсіну; Еңбекақы мен еңбек қатынастырының қарамақайшылықтарын анықтау; Ұжымды құқықтық қорғау түрлері; Кәсіподақ құрылымдарын кәсіби ұйымдастыра білу; Кәсіподақ құқығын қамтамасыз ету; Әлеуметтік әріптес; Ұжымдық шарт; Еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің қауіпсіздігі және құқығы; Еңбек дауларын қарау туралы мәселелер көтерілді. Кездесу барысында «Ұжымдық шарт» мәселелері қызу талқыланып, келісім-шарттың тиімді және тиімсіз тетіктері сөз болды. Келелі кеңесте қойылған кешенді сұрақтарға төрағалар тұшымды жауап берді. «Келісіп пішкен тон, келте болмас» - дегендей, семинар-тренингте қаралған барлық мәлелелер талқы таразасынан өтіп, тиісті шешімдерін тапты деп айтуға болады. Алдағы уақытта да осындай маңызды жиындар жалғасын табатын болып, жиналған жұртшылық разы болып тарқасты.

Қайрат СЕМБІҰЛЫ.

ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАР ШЕРУІ

Ағымдағы жылдың 18 мамыр күні халықаралық «Мұражай күніне» орай орталық мұражайда «Талантты балалар шеруі» атты фестивалі болып өтті. Іс-шараға қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. «Мұражай түні – 2022» іс-шарасы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» - деп жариялауына орай, талантты балалардың бастамалары мен жаңашыл идеяларын қолдауға бағытталды.

Аталмыш акцияның негізгі бөлігі «Талантты балалар шеруі» республикалық балалар фестиваліне арналды. Фестивалға республикамыздың әр өңірінен өнер, спорт, музыка, шығармашылық жағынан халықаралық, республикалық конкурстар лауреаттары мен талантты жасөспірімдер қатысты. Фестиваль қортындысы бойынша «Ахмет Байтұрсынов атындағы «Үздік оқушы», «Қадір Мырзалиев атындағы «Үздік ақын», «Әлкей Марғұлан атындағы «Үздік археолог», «Асқар Жұмаділдаев атындағы «Үздік өнертапқыш», «Құман Тастанбеков атындағы «Үздік актер», «Бибігүл Төлегенова атындағы «Үздік әнші», «Дина Нұрпейісова атындағы «Үздік күйші», Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы «Үздік спортшы», барлығы 16 номинация бойынша марапатталса, өзге қатынасушыларға алғыс хаттар тапсырылды. Атаулы номинацияларды КСРО халық әртісі Бибігүл Төлегенова, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрғали Нүсіпжанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет және тағы басқа ғылым, мәдениет және өнер саласындағы елімізге белгілі қайраткерлер табыстады.

«Мұражай түні» іс-шарасының аясында арнайы ашылған «Коворкинг балалар орталығының» салтанатты ашылуында тұсаукесері қию рәсімін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің төрағасы Р.Кәрібжанова, орталықтың ашылуына демеуші болған «KMF» микроқаржы ұйымының басқарама төрағасы Шалқар Аманқосұлы және «Ұлт мақтанышы» халықаралық таланттар фестивалінің жеңімпазы Амели Киоссеге жасады. Орталықтың жұмысы балаларды мұражай әлемімен, ондағы тарихи құндылықтармен таныстыруға, сондай-ақ, шығармашылық бастамалар мен балалардың мүмкіндіктерін ұштауды ұйымдастыруға бағытталған. Яғни, балалардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, отандық мультипликациялық филь-

мдер көру, кітап оқу, қазақ ұлттық ойындары және дәстүрлі музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету бағыттарында жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар, фестивалге қатынасушы балалардың қатынасуымен «Жас өлкетанушылар», «Жас экскурсия жүргізушісі», «Жас суретшілер» үйірмелері де өз жұмысын бастады.

«Мұражай түні» іс-шарасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен «Қырым Аралы» отандық ғылыми – қалпына келтіру зертханасында қалпына келтірілген бірегей археологиялық материалдар негізінде «Қайта жарқыраған жауһарлар – Аралы» атты көрме ашылды. Көрмеге қалпына келтірілген 100-ге жуық археологиялық артефактілер қойылды, олар Қазақстанның ерте көшпелілерінің тарихы және мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Көрмеге қойылған артефакті арасында Берел қорымынан табылған жәдігерлер ерекше орын алады: ат әбзелдері мен атжабу, жылқыға арналған былғарыдан жасалған бетперденің мүйіз қаптамасы, қару-жарақтар мен ағаштан жасалған тұрмыстық бұйымдар; Аблайкит буддалық ғибадатханасынан табылған тибет жазуы бар қайың қабығының фрагменті. Сондай-ақ, «Үржар абызының» реконструкциясы ұсынылды.

Жанданған экспозициялар, мұражай қорындағы сирек кездесетін қару-жарақтар коллекциясы негізінде «Ер қаруы бес қару» көрмесі (XVIII-XIX ғғ.), көрмеде мұражайдың археологиялық коллекциясындағы артефактілер – б.з. д. V–IV ғғ. жататын (ерте темір ғасыры), зооморфтық стильдегі элементтермен безендірілген қылыштар мен қанжарлар, сондай-ақ қазақтардың дәстүрлі қару түрлері алғаш рет ұсынылып отыр.

«Мұражай түні – 2022» акциясы аясында ҚР Мемлекеттік орталық мражайы «Балалар жылына» арналған «Менің бақытты балалық шағым» атты балалар шығармашылық көрмесі ашылды. Көрмеге Алматы қаласының көркемөнер мектептері мен бейнелеу студияларының, балалар клубтарының және шығармашылық даму орталықтарының түрлі жастағы оқушылары қатысты, олар: «А.Қастеев атындағы өнер және дизайн мектебі», «Да Винчи» шығармашылық дамыту орталығы, «ArtMixstudio» шығармашылық студиясы, «ДАРиЯ» шығармашылық студиясы, «Лидия Дроздованың арт-шеберханасы», «АртУм» балалар дамыту орталығы, «Genius» балалар орталығы, «By ART» студиясы, «Умка» балалар білім беру орталығы, «Феникс» балалар клубы, «Рембрандт» арт-студиясы, Тұран» мектеп-лицейінің «Вдохновение» студиясы, «Saltanat» сәндік-қолданбалы шығармашылық үлгілі студиясы, «Подснежник» көркем-білім беру студиясы, «Art-8» студиясы, «Profskitls» студиясы, «OngarovaKT» студиясы, «Класс» даму орталығы және тағы басқалары бар. Ұсынылған жұмыстардың сюжеттері Қазақстанның көркем пейзаждарын, адамдардың портреттері мен түрлі натюрморттарды, әдемі ғимараттарды, көптеген саябақтар мен сквердерді, жасыл желекке оранған сүйікті қаламызды, сонымен қатар біздің тәуелсіз мемлекетіміздің рәміздері мен табиғаттың әр түрлі жай-күйіндегі әсемдігін бейнелейді. Сонымен қатар, танымал фотограф, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, халықаралық, республикалық және қалалық байқаулардың лауреаты Максим Золотухиннің «Өзімнің арманым» атты фотокөрмесі ашылды. Көрмеге Алматы қаласына арналған 35 жұмыс қойылды, аталмыш фотосуреттерде әсем қаланың көрікті жерлері, тарихи және сәулет нысандары бейнеленген. Бұл түні мұражай қызметкерлері

барынша экспозицияға жан бітіруге тырысты, ондай көріністердің бірін келушілердің назарына археология бөлімінің қызметкерлері Қ.А.Яссауидің өмірі мен шығармашылығы туралы «Дәруіш – уақыт кеңістігіндегі кезбе» атты қойылым ұсынды. Бұл жерде қызығушылық танытқан көрермен Қ.А. Яссауи кесенесіне байланысты жаңа археологиялық мәліметтер, мұражайдың археология қорынан осы кесененің қыш тақтайшалары мен шырағдандарды (түп нұсқасын) көре алады.

Тарих ғылымының бір саласы болып табылатын нумизматика саласына байланысты мұражайлық деректану және қолжазба орталығының қызметкерлері «Монеталар әлеміне саяхат» атты белсенді тақтамен сабақ өткізді. Сабақ барысында нумизматика ғылымына қысқаша шолу жасалып, ежелгі шығыс және батыс елдерінің, сондай-ақ Қазақстан аумағында әр кезеңде ақша айналымында болған алуан түрлі монеталары таныстырылды. Келушілер назарына монеталардан жасалған әшекей бұйымдар, күміс жамбы, мыс ақша құймалары да жұртшылықтың назарына ұсынылды.

Мұражайдың экскурсия ұйымдастыру және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері «Қазақ этнографиясы» залында Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында тоғызқұмалақ, асық ойындарын ойнатты. Сондай-ақ келушілерге және балаларға казақтың қол өнері жүн түту, кілем тоқу, ұршық иіру түрлерінен шеберлік сабақтар өткізіп, кілем түрлері мен ою-өрнектер туралы мәліметтер беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мерекеге келуші қонақтар үшін О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі мен Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы кескіндеме, мүсін және дизайн факультеті түрлі бағыттар (кескіндеме, мүсін, графика) бойынша, Қазақстан-Жапон орталығы оригами, каллиграфия, «фурошики» өнері бойынша шеберлік сабақатар өткізді, «Болашақтың мұражайын саламыз» Арт-алаңы жобасы аясында оқытушылар балалармен болашақ мұражайдың суреттерін салып, ҚХР Бас консулдығы шай рәсімі мен каллиграфия бойынша шеберлік-сабақтар өткізді. Ал, кішкентай қонақтарымыз үшін Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің студенттері қуыршақтар театырының қойылымдарын ұсынды. Сонымен қатар «Мұражай түні - 2022» іс-шарасының аясында Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі, «Камерата Казахстан» ансамблі және Валентина Боровикованың жетекшілігімен скрипкашылар ансамблі, О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі мен Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы студенттерінің сәндік коллекциясының көрсетілімі және Қазақстан-Жапон орталығынан оригами, каллиграфия, «фурошики» өнері бойынша шеберлік-сабақтар өтті. Сондай-ақ, мерекелік іс-шара қонақтары мемлекеттік оркестрлер мен балалар ұжымдарының музыкалық шығармашылық концертерін тамашалады. Арнайы балалар үшін Қазақстан суретшілері, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің қатысуымен шеберлік сабақтар өткізілді.

Аталмыш шарада талантты балалардың өнерлерін бағалап, лайықты бағасын беру болатын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұражай директоры Рашида Ерімқызы Харипова, кәсіподақ ұйымының төрайымы Бақыт Алдамбергенова өнерпаздарға сәттілік тіледі. Талантты шеруде өнерімен ерекше көзге түскен өнерпаздарды Алматы қаласы «Жергілікті «Руханият» кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы И.Омаров мырза марапаттап, құрмет қошемет көрсетті. Орталық мұражайдың Қор сақтау бөлімінің қор сақтаушы маманы Майра Әшімқызы Азмуханова және А. Және Ғ. Жұбановтар мұрасын зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Ляззат Елемесқызы Сагнаева ханым «Әлеуметтік серіктестігі үшін» медалімен марапатталды. «Мұражай күніне» орай көп жылдан бері кәсіподақ мүшесі болып келе жатқан мемлекеттік орталық мұражай қызметкерлері де елеусіз қалмады. Мәдени білім жұмысы бөлімінің бөлім жетекшісінің PR бойынша орынбасары Сұлушаш Есенбайқызы Агелеуова, Экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің мұражай қараушысы Шахраим Заирқызы Бакиева, Экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің мұражай қараушысы Ұлжан Макметқызы Жауарова, Экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің мұражай қараушысы Эльмира Файздрахманқызы Латыпова, Экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің мұражай қараушысы Алима Тлеукеқызы Маукеева, Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің ТҚ бойынша инспекторы Айнұр Мусақызы Ерталеева, Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің кассирі Сырымқызы Арыстанбек, Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің ғимарат тазалаушысы Ұлбике Сметқызы Сатаева, Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің ғимарат тазалаушысы Зауре Тұрынбайқызы Алтыбаева, Экскурсия ұйымдастыру және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің экскурсия жүргізуші маманы Дулат Лукбекұлы Буркитбаев, Компьютерлік ақпарат және сервис секторының жетекшісі Середенко Игорь Павлович, Қор сақтау бөлімінің қор сақтаушы маманы Айгерім Оралбайқызы Төлегенова Мақтау қағазымен марапатталды.

Қайрат СЕМБІҰЛЫ.

КӘСІПТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

Ағымдағы жылдың 18 мамырында Қарағанды облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы және «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында облыстық спартакиада болып өтті.

Аталмыш жарысқа 14 команда қатысты. Спартакиада спорттың 4 түрінен болып өтті. Атап айтар болсақ: үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шағын футбол, волейбол бойынша өткізілді. Үстел теннисі жарысы бойынша 1 орынды Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжі командасы; 2 орынды Абай көпсалалы колледжі командасы; 3 орынды Қарағанды экономика және бизнес колледжі командасы иеленді. Тоғызқұмалақ бойынша: 1 орын Қарағанды жоғары политехникалық колледжі командасы; 2 орын А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі командасы; 3 орын Қарағанды машина жасау колледжі командасы. Шағын футбол бойынша: 1 орын Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі командасы; 2 орын Қарағанды жоғары политехникалық колледжі командасы; 3 орын Қарағанды теміржол колледжі командасы. Волейболдан ерлер арасында: 1 орын А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі командасы; 2 орын Қарағанды жоғары политехникалық колледжі командасы; 3 орын Қарағанды көлік-технологиялық колледжі командасы.Әйелдер арасында: 1 орын А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі командасы; 2 орын Қарғанды жоғары политехникалық колледжі командасы; 3 орын Қарағанды теміржол колледжі командасы. Қатысушыларды облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Алмагүл Рақышева, «Сарыарқа дарыны» басшысы Айдос Қуанышбаев, кәсіптік техникалық білім беру ардагері Валерий Галунов құттықтады. Жеңімпаздар дипломдармен, кубоктармен және медальдармен марапатталды. Жүлделі орынға ие болған командалар Түркістанда өтетін республикалық спартакиадада бақ сынасады. Спортшыларды жеңістерімен құттықтаймыз!

Қарағанды облысы
Білім және ғылым
қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының
баспасөз қызметі.

ПАМЯТИ СВЕТЛОЙ СТРАНИЦЫ

Моя прабабушка, Салтанова Феоктиста Кирилловна, родилась 17 ноября 1921 года в городе Свердловске. В военное время она работала на заводе по изготовлению боеприпасов. Она стояла на станке по изготовлению снарядов для самолётов, который каждый весил по двадцать килограммов. Это время было очень трудным, моя прабабушка перенесла нужду, голод и тяжесть того времени. По талонам давали только хлеб – в день триста граммов сырого непропеченного хлеба. Каждый день на заводе на обед давали суп из крапивы. Так что на улице не росла крапива, её просто не было. В Свердловске умирает сначала от несчастного случая её сын, а потом и её мама, Анна Григорьевна, в возрасте 50 лет. Убитая горем, моя прабабушка знала только дорогу на могилки. Чтобы спасти женщину, врачи советуют поменять место жительства. И она переезжает вместе с мужем и маленькой дочкой Алевтиной, в Киргизию, в колхоз Лубзавод. Там она работает на птицеферме. Потом они переезжают в колхоз Талапты, где она работает на ферме дояркой коров. Спустя пару лет семья переезжают в Казахстан (станция Чиганак). Здесь прабабушка работает на железной дороге стрелочницей до самой пенсии. А потом устраивается санитаркой в роддоме. Воспитала моя прабабушка пятерых детей. Вырастила их, дала соответствующее воспитание. Вся её жизнь прошла в трудовой деятельности. Умерла она 29 мая 2006 года в возрасте 85 лет. Исходя из этого, я могу сделать вывод, что моя прабабушка прожила достойную долгую жизнь.

Вечная ей память!

Правнучка, Баширова Наиля,
ученица школы - гимназии №22
9 «Г» класса.